



Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№43 (1833) Бейсенбі, 24-қазан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ҰЛТ МҮДДЕСІ

«ЕЛ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАУЫ КЕРЕК...»



Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиында қазақстандықтарды құлтымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, бұл азаттықтың алтын қазығын қаққан күн екенін атап өтті. Президент еліміздің Егемендігі туралы декларация қабылданған күнді қасиетті Тәуелсіздігіміздің бастауына балады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынына назар аударып, өмір болған соң түрлі қиындық та кездесетініне тоқталды. Біз елімізде жан-жақты реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Бұл – ең алдымен, халқымыздың тұтастығы мен бірлігінің арқасы. Себебі, біз таңдаған жол – өркендеу мен даму жолы. Бүгінде оның жемісін барша азаматтарымыз көруде, – деді. Президенттің айтуынша, ауқымды саяси жаңғырулар арқылы мемлекетіміздің демократиялық дамуының жаңа бағдары айқындалды. Конституциялық реформаны іске асыру нәтижесінде биліктің негізгі институттары қайта құрылымдалып, орнықты саяси жүйе қалыптасты. Бұл саяси жүйенің негізі – ашықтық пен әділдік, тиімділік пен бәсекеге қабілеттілік. Ең бастысы, халыққа қызмет ету қағидасы қамтылған. Мемлекет басшысы осындай құндылықтар негізінде біздің қоғамдық-саяси өмірімізде іргелі өзгерістер болып жатқанын айтты. Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарына сәйкес ауқымды жұмыс

атқарылып жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев биыл өзінің бастамасымен «Таза Қазақстан» акциясы басталғанын, бұл халықтың экологиялық мәдениетін көтеруге арналған жалпыұлттық жоба екенін атап өтті. Елдің ішкі жағдайы мен азаматтардың әл-ауқатына мемлекеттің сыртқы саясаты тікелей әсер етеді. Сондықтан Мемлекет басшысы өз сөзінде бұл салаға да ерекше мән берді.

Бейбітшілік пен дамудың түп негізі отбасындағы тәрбиеден, көшедегі тазалықтан, қоғамдағы бірліктен бастау алатынына назар аударып, неліктен Заң мен Тәртіп үстемдігі туралы ұдайы айтатынын түсіндірді. Президент бір-бірімізді қолдап, биік мақсаттарға ұмтылатын бірлігі мықты ел болсақ, көк паспортымыз да мықты әрі қуатты болатынын айтты.

– Бір-бірімізге тілектес болайық, өзара құрметпен қарайық, қадірлейік. Кез келген қиындыққа қарсы тұрып, ел үшін, жер үшін бірге еңбек етейік. Халқы – біртұтас, болашағы – жарқын Әділетті Қазақстанды бірге құрайық. Азаматтарымыз

барлық салада әрдайым әділдік болғанын қалайды. Ол үшін әркім әділдікті, ең алдымен, өзінен бастауы керек. Сонда қоғам да, бүкіл мемлекеттік жүйе де әділ болмақ. Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күнінде біз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегін атап өтуге тиіспіз. Оның қазіргі Қазақ мемлекетін құру ісінде шешуші тарихи рөл атқарғанын міндетті түрде айтуымыз қажет. Ел үшін жасалған қызмет ешқашан ұмытылмауы керек, ел жадында сақталуға тиіс. Бұл – еліміздің болашағы үшін өте маңызды. «Жақсының жақсылығын айту» деген халқымыз. Бүгінгі тарихқа әділ баға берілуі үшін кешегі тарих әділ бағалануға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның жетістіктері барша халқымыздың ортақ табысы екенін атап өтіп, ұлық мейрам – Республика күніне орай елімізді дамытуға орасан зор үлес қосып жүрген бір топ азаматқа жоғары наградаларды және Мемлекеттік сыйлықты салтанатты түрде табыстады.

Толық нұсқасын Taldykorgan-online.kz желілік басылымынан оқи аласыз



Республика күні 25 қазан

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Айтулы мерекенің араға ондаған жылдарды салып, қайта оралуын халық жақсылықтың нышаны ретінде қабылдайды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы. Бұл күн ата-бабаларымыз аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн.

Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке.

Бүгінде өлемнің алпауыт елдері мойындаған Қазақстан Республикасының қалыптасу кезеңі өте күрделі. Ұлан байтақ алқапты алып жатқан қазақ даласы аса ауыр кезеңдерді бастан өткерді.

Осындай сынақтардан қазақ халқы сүрінбей, тізесі бүгілмей, еңсесін биік ұстап, аман-есен өтті. Тағдырдың бұл сынақтары қазақ халқын ширатты, шыңдады. Рухы биік, өр халық намысын ешкімге таптатапды. Ғасырлар бойы дербес, тәуелсіз мемлекет болуды аңсаған ата-бабаларымыздың арманы 1991 жылы орындалды. Өлем тарихында тұңғыш тәуелсіз Қазақстан Республикасы пайда болды. Дәуіріміздің шежірелі жылдарында үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі. Баянды болашаққа бет алған тәуелсіз Қазақстан Республикасы – ортақ жетістігіміз, ортақ мақтанышымыз!

Республика күні мерекесі құтты болсын! Баршаңыздың отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

Ернат БӘЗІЛ, Талдықорған қаласының әкімі

БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛҒА – 3500 тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА)

1 жыл – 7638,56 тг.

1 жыл – 4066,40 тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ)

1 жыл – 4566,40 тг.

1 жыл – 4066,40 тг.

ИНДЕКС 15771

ИНДЕКС 65771

#РЕСПУБЛИКАКҮНІ ЕЛ ЫРЫСЫ ОРТАЙМАСЫН!

Жетісудың бас қаласы – Талдықорғанның облыс орталығы мәртебесін алғанына биыл 80 жыл толуын атап өтугеміз. Жылдарды артқа тастап, қала жаңа серпінмен дамып келеді. Шаһар халқының саны артып, қыз жасауындай тізбектелген көпқабатты үйлердің қатары көбейді. Көңілге ерекше әсемдік сыйлайтын ғимараттарымыз көздің жауын алады. Талдықорған қаласының әкімдігі Президент тапсырмасының тиянақты орындалуын, мемлекеттік бағдарламалардың сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын арттыруға, коммуналдық шаруашылықты жетілдіруге, шаһардың сәулеттік кескін-келбетін нығайтуға, абаттандыруға, газдандыру жұмыстарын сапалы жүргізуге баса назар аударып отыр. Басымдық барлық салаға бірдей берілген. Күннен-күнге құлпырып келе жатқан қаланың қарқынды дамуын өткен 9 айдың көрсеткішіне көз жібере отырып байқауға болады.

Өнеркәсіп саласында өнім шығару 113,8 млрд. теңгеге артып, ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 38,9 млрд. теңгеге жеткен. Бөлшек тауар айналымы 100,8 млрд. теңгені, көтерме тауар айналымының көрсеткіші 264,4 млрд. теңгені құрап отыр.

Қала экономикасына 44,1 млрд. теңге инвестиция тартылып, 91,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Жаңа өндіріс орындары да ашылуда. «Қарқын групп» ЖШС – жуғыш заттар цехын, «Талсай Ет» ЖШС – тәтті шырын және квас өндіру цехын іске қосса, «Назар» ЖК фибробетонды қасбеттік панельдер өндіруді, «Полимер Ріре» ЖШС пластикалық құбырлар шығаруды қолға алған. «Рахатаев» ЖШС кондитерлік бұйымдар өндіру цехын кеңейте түскен. Бұл кәсіпорындарға барлығы 189,4 млн. теңге инвестиция тартылып, 27 жаңа жұмыс орны құрылған.

«ASMA Industrial» ЖШС жоба құны 3,2 млрд. теңгеге стационарлық аккумуляторлық батареялар шығаратын зауытты іске қосып, 675 м газбен қамту желілерінің құрылысы аяқталған.

Сонымен қатар, автоклавты қатайтатын газдалған бетон блоктар шығаратын «Стальбетон» ЖШС зауыт құрылысы жүргізілуде. Жоба құны 2,5 млрд. теңгені құрап отыр. Мұнда 50 жаңа жұмыс орнын құру қарастырылған.

Талдықорғанның мақтанышына айналған «Қайнар АҚБ» ЖШС өнім өндірісін 15,0%-ға, «Темірбетон» ЖШС 10,0%-ға, «Метакон» ЖШС 4,1%-ға арттыруға қол жеткізген.

Мал шаруашылығында ет өндірісі 2,2%-ға және сүт 3,2%-ға ұлғайған.

Бытырғы жылы Мемлекет басшысының тапсыруымен «Ауыл Аманаты» бағдарламасы қолға алынған болатын. Осы жылы бағдарлама аясында 20 өтінім қабылданып, оның 17-сі мақұлданды. Бағдарлама аясындағы жобалардың 5-уі мал шаруашылығы бойынша болса, 12 жоба шағын және орта



кәсіпті дамытуға бағытталған.

Бизнесі қолдау және дамыту аясында екінші деңгейдегі банктердің несиелердің сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша 1,5 млрд. теңгеге 42 жоба мақұлданып, жалпы сомасы 4,3 млрд. теңгеге 108 жобаға кепілдік берілген. 16,3 млн. теңгеге инфрақұрылым бойынша 1 жоба жүзеге асырылуда. Бүгінде шағын және орта бизнесіне 18 300 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп, онда 35,6 мың адам жұмыспен қамтылған. Талдықорғандықтарды арзан бағада азық-түлік өнімдерімен қамту үшін 5 әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. Еркін ауылы, «Көктал» тұрғын ауданы, «Самал» шағын ауданы, «Қаратал» шағын ауданы, Тәуелсіздік көшесі «Жетісу» ӘКК-мен бірлесіп ашылған бұл әлеуметтік дүкендерде 18 тауар – өндірушілердің бағалары бойынша сатылуда.

2024 жылдың 9 айында бюджет қаражаты есебінен қаланың Оңтүстік-Батыс ауданында жалпы ауданы 17,9 мың шаршы метр 218 пәтерге арналған

6 несиелік үйдің құрылысы аяқталып, жеке құрылыс салушылардың қаражаты есебінен Жалайыр даңғылы бойында және қаланың Оңтүстік-Батыс ауданында жалпы ауданы 40,3 мың шаршы метр 386 пәтерлі 8 үй пайдалануға берілген.



Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында 3-бөлімшенің жеке тұрғын үй құрылысы 16,9 км электрмен қамту желілерінің құрылысы аяқталып, «Жастар 1/1» тұрғын ауданында 9,8 км сумен қамту және су бұру желілерінің құрылысы жалғасуда. Н.Назарбаев даңғылы бойында әкімшілік ғимаратқа 1,8 км электрмен қамту желілері жүргізілуде. Сондай ақ, №4 қазандықты газбен жылытуға ауыстырумен қайта жаңарту, Дарабоз ана, Абай, Қабанбай

батыр, Балпық би көшелері бойында жылу желілерінің 1,8 км қайта жаңарту жалғасуда.

Мойнақ ауылында 220 үйге 23,9 км газ желілерін салу және 22 іске қосу кешенінің IV-кезегі бойынша 610 үйге газ тарату желілерін салу жұмыстары жалғасуда. Жалпы алғанда осы жылы қосымша 830 үй газбен қамтамасыз етіледі. 1 қазанға дейін орталық газ құбырына 37,8 мың абонент қосылған.

Халықтың қатысатын бюджет жобасы аясында ағымдағы жылдың 9 айында Алмалы, Ащыбұлақ, Үйтас, 3-бөлімше Батыс тұрғын ауданы саяжай қоғамдарында спорт және балалар алаңдарын орнатуда 6 жоба бойынша жұмыстар аяқталып, пайдалануға берілген.

Жыл басынан 5929 жаңа жұмыс орны құрылған.

Жұмыспен қамту органдарына жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша 7138 адам жүгініп, оның 3384-і жұмысқа орналастырылған.

Жұмыспен қамту бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау шараларымен барлығы 1994 адам қамтылды, оның: ішінде жастар тәжірибесін өтуге – 353, қоғамдық жұмыстарға – 971, әлеуметтік жұмыс орындарына – 56, қайта даярлауға – 240 адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша – 102 түлек, «Күміс жас» жобасы бойынша –

238 адам жіберілген. «Ұрпақтар келісім-шарты» жобасы бойынша – 4 адам жұмыспен қамтылып отыр.

Жаңа бизнес-бастамаларды іске асыру үшін жалпы сомасы 44,3 млн. теңгеге 30 грант бөлінген. Осы жылы 1 қазанға дейін 7615 отбасы мүшесіне, аз қамтылған отбасыға жалпы сомасы 690,9 млн. теңгеге әлеуметтік төлемдер берілген.

Мектепке дейінгі білім беру саласында 9 айда «Happy land» ЖШС қарасты 75 орынды жекеменшік балабақша және 604 орынды 4 балабақшада қосымша топтар ашылған. Нәтижесінде, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту 99,3%-ға дейін ұлғайтылған. 1-4 сынып оқушыларына арналған «Ақылды балалар» атты жекеменшік мектеп ашылып, қазіргі кезде 120 оқушы білім алуда.

№1 балабақша мен «Айналайын» балаларды қолдау орталығының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілуде.

Сонымен қатар, волейболға арналған оқу-жаттығу спорт кешенінің тұсауы кесіліп, жеке демеушілер есебінен («Меридиан М.О.В. Company» ЖШС) «Жетісу» волейбол клубына арналған 4 қабатты жатақхана пайдалануға берілген. Оңтүстік-Батыс ауданындағы үстел теннисі орталығының, Өтенай ауылында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін шаралар әлі де жалғасын таба бермек.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

» #ДЕНЬРЕСПУБЛИКИ РАБОТАТЬ ОТВЕТСТВЕННО НА БУДУЩЕЕ СТРАНЫ



Президент страны Касым-Жомарт Токаев поручил Правительству принять системные меры по сохранению и улучшению плодородия почвы, усилить контроль над эффективным использованием земель сельскохозяйственного назначения. Работу в этом направлении осуществляет и наше предприятие «Государственный институт проведения работ по обследованию земель».

Ведя учет качества земель, необходимого для рационального использования и охраны земельного фонда республики, проводя агрохимическое обследование почвы, вносящее значительный вклад в получение качественного и количественного урожая, наши специалисты, тем самым, вносят свой вклад в общегосударственную задачу.

Считаю, что качественная и ответственная работа каждого из нас, каждого казахстанца – это хорошее будущее Казахстана. С Днем Республики вас, уважаемые земляки!

Саят КАРАБАЕВ,
руководитель отдела цифрового картографирования филиала
РГП на ПХВ «Государственный институт проведения работ по обследованию земель» по области Жетісу

» ПРОФИЛАКТИКА РЕАЛИЗАЦИЯ КАРТЫ КОРРУПЦИОННЫХ РИСКОВ

В соответствии с поручением Главы государства Антиторрупционная служба перешла на профилактику борьбы с коррупцией, что вошло в ряд первоочередных задач. В этой связи, начиная с 2022 года, работа антиторрупционного департамента по области направлена на устранение коррупционных рисков в сферах, где для населения придается особое значение, и недопущение ущерба бюджету. Данная работа проводилась в тесном контакте с местными исполнительными органами в соответствии с картой коррупционных рисков. Об этом и о результатах работы за 3 квартал рассказал представителем СМИ руководитель департамента Агентства РК по противодействию коррупции по области Жетісу Саян Ахметжанов.

«За 3 квартал т.г. эффективным взаимодействием отраслевых подразделений охвачено 6 из 9 сфер Карты коррупционных рисков. Так, в сфере проблемных объектов строительства по долгострою - «Строительство ограждающей дамбы озера Алаколь Алакольского района» установлено, что для реализации проекта потребуются изъятие земель у собственников, что повлияет на срок реализации проекта, так как данные затраты не учтены в смете проекта. Согласно ответу Министерства водных ресурсов и ирригации РК на письмо Агентства, заявка акимата отклонена и отложена на следующий год», - сказал спикер.

В сфере образования направлена служебная записка в Агентство по снижению рисков хищений в сфере образования путем внедрения механизма подписания казначействами ЭЦП ключом электронных форм отчетности по платежам (5-15 и 5/515А) при их выгрузке, что позволит обеспечить целостность данных и проверять подлинность документов.

В сфере экологии, в целях исключения правового пробела в деятельности территориальных департаментов экологии, по осуществлению проверок незаконной добычи ПГС в Агентство направлена служебная записка об инициации письма в Министерство экологии по расширению перечня вопросов проверочного листа.

В сфере дорог прекращена практика нерационального использования бюджетных средств при проведении ремонтных работ дорог коммунальными службами после ремонта дорожных организаций. По инициативе департамента акиматами районов и городов утверждены Единые планы ремонтных работ дорог.

В социальной сфере установлены факты перечисления заработной платы лицам, прекратившим трудовую деятельность в рамках проектов карьерного центра, факты двойного финансирования лиц за один проработанный месяц, а также не трудоустройства лиц, прошедших краткосрочное профобучение. Во исполнение

рекомендаций в бюджет государства возмещено 4 млн тенге необоснованно выплаченных средств.

«В сфере спорта исключено неправомерное увеличение размера должностных окладов адмперсоналу Клуба игровых видов спорта «Жастар» на 604,6 млн тенге, аналогично исключены незаконные надбавки за «чемпионство» в Дирекции развития спорта на 84 млн тенге. По нашим рекомендациям местный исполнительный орган пересмотрел в этой части утвержденный фонд оплаты труда, с приведением его в соответствие с нормами ПП РК №1193», - отметил Саян Ахметжанов.

В сфере аварийного и ветхого жилья МИО разработан единый алгоритм по определению застройщиков, который направлен для применения в городские и районные акиматы. Справочно: законодательством не предусмотрена процедура поиска и определения застройщика (риски лоббирования «знакомых» застройщиков), который будет возводить жилой дом взамен аварийного. Акиматом области направлено письмо в КДС и ЖКХ о распространении данного алгоритма среди регионов страны. Вопросы аварийного и ветхого жилья рассмотрены на МКВ при акимате области, в протокольном решении указано о соблюдении алгоритма райгор-акиматами.

В рамках проекта «Дорогу бизнесу» в третьем квартале защищены 207 предпринимателей, с начала года свыше 3 тыс. субъектов МСБ. Мониторингом госзакупок в третьем квартале сэкономлено 656 млн тенге, с начала года – 957 млн тенге.

К административной ответственности с начала года привлечены 12 лиц по статьям 173 и 680 КоАП РК, из них 3 лица в третьем квартале.

«Задачами на предстоящий период определили работу по Карте коррупционных рисков региона, с упором на сферы, не охваченные в первом полугодии, - это сфера экологии – в части незаконной добычи песчано-гравийной смеси, сфера инфраструктуры - расходование средств на водо-тепло-газоснабжение, канализационно-очистительные сети. Также с целью исключения коррупционных рисков и пресечения фактов коррупции продолжим мониторинг и оперативное сопровождение строительства автодорог в регионе», - добавил в завершение руководитель Антиторрупционной службы.

» СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО ПРОБЛЕМ СО СБЫТОМ КУКУРУЗЫ В ЖЕТИСУ НЕТ

В прошлом году сбыт выращенной кукурузы в области Жетісу создал большую проблему, в связи с чем уже в текущем году площадь кукурузных угодий была уменьшена на 16 тыс. га и составила 41,1 тыс. га. Об этом и о ходе сбора зерновой культуры рассказал представителям СМИ заместитель руководителя управления сельского хозяйства Бахтияр Шампииков.



По словам специалиста, до конца года планируется собрать 282 тыс. тонн кукурузы. На данное время по региону убрано 26,5 тыс. га культуры или 64,5%, собрано 186,1 тыс. тонн продукции, урожайность составила 70,2 центнера с гектара.

В частности, в Панфиловском районе, где выращивание кукурузы остается в приоритете, скошенные кукурузные поля составили 85,9%, получено 144,8 тыс. тонн продукции, фермеры сдали на Жаркентский крахмалопаточный завод 55 тыс. тонн продукции.

Как отметил спикер, проблем со сбытом зерновой культуры в этом году нет. Проработаны и получены соглашения с 9 предприятиями, крупные из них: Жаркентский крахмалопаточный завод, ТОО «KazPetFood», ТОО «Азия Агрофуд», ТОО «Фонд трейд» закупят у сельхозтоваропроизводителей до 50-100 тыс. тонн кукурузы.

Кроме этого, увеличен объем субсидий, выплачиваемых хозяйствам, реализующим полученную продукцию на глубокую переработку. За счет местного бюджета сумма выросла с 6 тыс. до 10 тыс. тенге за тонну, было выделено 840 млн тенге, что в два раза больше по сравнению с прошлым годом.

«Чтобы в будущем не было проблем по выращиванию и реализации сельскохозяйственных культур, фермеры, исходя из спроса рынка, должны сами планировать, что сеять и в каком объеме. Ну а мы своей стороны продолжим работу над привлечением инвесторов в регион», - сказал Бахтияр Шампииков.

» ТРУДОВОЙ КОЛЛЕКТИВ ЭФФЕКТИВНАЯ РАБОТА РПП – ВКЛАД КАЖДОГО ЧЛЕНА КОМАНДЫ

Национальная палата предпринимателей «Атамекен» создана в 2013 году. В этом же году в городе Талдықоргане открыта региональная палата, которая до 2023 года функционировала как РПП Алматинской области, а с 2023 года, как РПП области Жетісу с филиалами во всех районах региона.

Одной из основных задач Палаты предпринимателей является защита прав и интересов бизнеса. Более чем за 10 лет в РПП поступило более полутора тысяч обращений субъектов бизнеса, из них положительно разрешено 85%. Общая сумма защищенных имущественных прав составляет более 16 млрд тенге.

Немаловажным направлением работы региональной палаты является нефинансовая поддержка предпринимателей. С 2015 года при РПП функционирует Центр обслуживания предпринимателей, где предоставляются бесплатные консультации, обучающие семинары, оказываются сервисные услуги по ведению бухгалтерского и налогового отчетов, разработка бизнес-планов, проектов. В ЦОП, за период функционирования, обратилось и получило услуг порядка 40 тыс. субъектов бизнеса, информационно-консультационную поддержку - свыше 160 тыс. предпринимателей.

В выполнении озвученных выше задач и достижении поставленных целей ключевую роль играет коллектив Палаты предпринимателей, состоящий из 52 опытных специалистов. Коллектив способен комплексно решать задачи, с которыми сталкиваются предприниматели, а каждый член команды привносит свои знания и навыки, что способствует эффективной работе организации.

У истоков работы региональной палаты стоят Гульмира Алыменова (главный бухгалтер), Любовь Буторина (начальник отдела отраслевого развития и сопровождения проектов), Турысбек Жумадилов (директор филиала Палаты предпринимателей города Текели), Руслан Турсынов (директор филиала Палаты предпринимателей Аксуского района).

С 2022 года Палату предпринимателей области Жетісу возглавляет Даурен Аналбаев, прошедший путь к руководителю от специалиста и заместителя директора РПП. Со своей стороны он вносит значительный вклад в стратегическое направление и инициативы организации.

Добавим, особое место в решении системных и частных проблем предпринимательства занимает Совет по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции. Советом проведено порядка 110 заседаний, в рамках которых рассмотрено более 370 вопросов, положительный результат достигнут в 75%. Ведется работа над выявлением административных барьеров на пути развития бизнеса. За более чем 10 лет выявлено более 250 административных барьеров, из этого числа устранено порядка 180, что значительно улучшило положение бизнеса.

В целях усиления переговорной силы бизнеса с Правительством при РПП с 2023 года успешно функционируют семь отраслевых Советов по приоритетным отраслям развития нашего региона (обрабатывающая промышленность, агропромышленный комплекс, строительство, транспорт и логистика, туризм, торговля, частное образование) с привлечением предпринимателей региона. Отраслевые Советы объединяют более 48 000 предпринимателей региона. Ими проведено свыше 70 заседаний, поднято и решено более 100 вопросов системного характера, в том числе с внесением соответствующих изменений в нормативные акты, улучшающих положение бизнеса.

Материалы подготовила
Алма УРАЗАЕВА

«Бұл – қазақтың мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арналысы ақталған күн».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. «Әлихан Бөкейхан «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» деген. Ел ағалары халқымыздың ардақты ұлының бұл өсиетіне одал болды. Олар жауапты сәтте ұйымшылдықпен ұлт мүддесін қорғай білді. Ақжолтай құжат жұртымыздың талап-тілегіне сай жазылды, отаншыл азаматтардың ақыл-парасатының арқасында қабылданды. Олардың сын сағаттағы батылдығын нағыз ерлік деп бағалауға болады». Осы орайда Мемлекет басшысы тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан батырларымызға аталмыш күннің тағзым ету ретінде атап өтілуі керектігін баса айтты.



Серік ЖАНСЕҒІРОВ,
Талдықорған қалалық мәслихат депутаты:

– Баршамыз үшін осы күннің мәні де, маңызы да жоғары. Бұл күн – ұлттық қасиетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, әлемге қазақты рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған күн. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың Тәуелсіздік жылдары бағындырған белестері орасан, табыстары толағай. Қазақстан демократия, тең құқықтық және серіктестік қағидаларына негізделген дамудың жаңа сатысына енді. Бүгінде еліміз ұлттық мүдделеріміздің, демократиялық құндылықтарымыздың нығаюы, азаматтарымыздың өл-ауқатының өсу жолына түсіп, халықаралық алаңда лайықты беделге ие болды. Әділдік пен ашықтық қағидастарына негізделген бағдар дамуға жаңа жол ашты. Еліміз «елдің ішінде де, айнала-сында да бейбітшілік», «аралуандық арқылы – бірлікке» ұранын әрдайым берік ұстануда.



Толымбек ДАНАБЕКОВ,
«Семей полигоны» мүгедектер және ардагерлері ұйымының Жетісу өңірі бойынша төрағасы:

– Түп шежіресі тереңнен бастау алатын еліміз талай қиындықты бастан өткерді. Десе де, өзінің асқақ, өр рухымен барлығын еңсере білді.

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК



1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап демократиялық қоғам құру мақсатында ел ішіндегі қоғамдық-саяси құрылымға біраз өзгерістер енгізіле бастады. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Бабалар арманы ақиқатқа айналып, азаттыққа қол жеткіздік. Баршамызға мәлім, 25 қазан — Республика күні ұлттық мереке болып бекітілді. Бұл тарихи және өте маңызды шешім. Заңға сәйкес ұлттық мереке ретінде елдің дамуына айтарлықтай әсер еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалар болған күн бекітіледі. Жыл-намалар шежіресіне көз жүгіртсек, еліміздің тәуелсіздігі шынымен де, осы күннен басталады. Сондықтан, бұл күннің ұлттық мереке ретінде бекітілуінің өзі мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам. Болашақта бұл мереке Тәуелсіздікті дәріптеп, нығайта түсуге септігін тиісінше деп сенеміз.



Ақмарал ӘСТАЙ,
музыка пәнінің мұғалімі:

– Алаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. 2009 жылы аталған заңға өзгерістер енгізіліп, бұл күн мемлекеттік мерекелер тізімінен алынған болатын. Президентіміз ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынып, бекіткені құптарлық жағдай болғаны сөзсіз. Республика күнінің өз дәрежесінде

атап өтілуі бұл мемлекетіміздің егемендігі, тәуелсіздігін болашақ ұрпаққа тарих деп ұлықтау, ең бастысы, тарихымызды ұрпақтың санасынан жойып алмау үшін қажет. Тәуелсіздігімізді алуымызға дәл осы күн әсер етті десем артық болмас. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сынды заңдар жинағы бүгінгі күннің басты заңы Конституцияға айналды. Атақты Төле, Әйтеке, Қазыбек би қазіргі кездегі сот жүйесін қалыптастырды. Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы дамыған, халықаралық дәрежеде өзге мемлекеттермен тең түсетін зайырлы мемлекет. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде барша әлемге танылды. Бірқатар жетістіктерге қол жеткізіп, мәселелер оңынан шешілді.



Ғалия АҚШОЛАҚОВА,
№17 орта мектеп директоры:

– Ата-бабамыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты - азаттықты аялау, халқымыздың татулығын сақтау болды. Бейбітшілік – біздің басты байлығымыз. Оның қадіріне

жетіп, бағалай білу – берімізге ортақ парыз. Мұны еліміздің әрбір азаматы, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінуі аса қажет. Елін сүйген ерлердің отаншылдығы және олардың ұлт мүддесіне адалдығы әрдайым кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиіс. Бабадан қалған даланың мұрагері ретінде еліміздің өсіп-өркендеуіне, гүлденуіне мейлінше атсалысуымыз қажет.



Қайрат САРҚЫТОВ,
С.Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп директоры:

– Егемен ел болған жылдан бері бәсекеге қабілетті экономиканың негізі қаланды, осылайша Орталық Азия өңірінде көш бастап келеміз. Басталған реформалар жалғасын тауып, тұрғындарға ыңғайлы орта қалыптастыру, білім, денсаулық сақтау саласында қызмет көрсетуді жақсарту, цифрландыру бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Қарға тамырлы қазағым тәуелсіз мемлекетте тату-тәтті, бейбіт күн кешуде. Ата-бабамыздың қасық қаны қалғанша күресіп, бізге мұра еткен ұлы даламызда өмір сүріп, еңбек етудің өзі үлкен бақыт. «Алтын ұя» – Отан қымбат, туып-өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат». Жиган білімі мен біліктілігіңді, маңдай теріңді өз атамекеніңнің гүлденуі мен мүддесі жолында сарп еткен абзал.



Батырбек ҚАЙЫПБАЙ,
«Жастар Рухы» Жетісу облыстық филиалының төрағасы:

– 25 қазан - еліміздің тәуелсіздігі мен қалыптасуының маңыздылығын еске салатын ерекше күн. Бұл күн - Қазақстанның болашақтағы өркендеуі мен дамуына негіз болған мемлекетіміздің жандануы мен нығаюының символы. Біз осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістіктерімізді мақтан тұта аламыз: экономикадағы, мәдениеттегі, білімдегі және халықаралық аренадағы жетістіктеріміз - халықтың қажырлы еңбегі мен бірлігінің нәтижесі. Республика күні - қазақстандықтардың күші мен рухының, жаңа биіктерге ұмтылудың және жарқын болашақты құрудың мерекесі. Біздің Қазақстан өркендеуін жалғастыра берсін, ал, біз оның құндылықтары мен бай мұрасын сақтаймыз.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ЕҢБЕК АДАМЫ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА – АРДАҚТЫ ЖҰМЫС

«Агал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Агал азамат - Агал еңбек - Агал табыс» қағидатына толық сай келеді», - деген егі Мемлекет басшысы халыққа арнаған быылғы Жолдауында. Елімізде қазан айының соңғы жексенбісі «Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі» ретінде атап өтіледі. Мереке қарсаңында жүректері мейірімге толы, қайсар мінезді мамандық иелерін Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл салтанатты жағдайда құттықтады.

«Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне» қарасты үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелерінде 120 мүгедектігі бар бала мен 285 қартқа арнаулы әлеуметтік қызметтің 8 түрі көрсетіледі. Яғни, әлеуметтік - тұрмыстық, мәдени, медициналық, құқықтық, педагогикалық, еңбек, экономикалық, психологиялық қызметтер көрсетумен 80-нен астам әлеуметтік қызметкер айналысады. Тағдырдың жазуымен түрлі қиындыққа төзе білген жандардың ауырталығын бірге арқалап, қарлығаштың қанатымен су сепкендей, мейірім шапағатына бөлеп жүрген жандардың еңбегі орасан. Бұл ауырталдыққа кәсібін шынайы сүйетін, жан-тәнімен беріле еңбек ететін адам ғана төзе біледі. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл салтанатты шараға жиналған барша қызметкерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, жүреукарды лебізін жеткізді. «Жалғызбасты қарттарды және мүгедектігі бар адамдарды-әлеу-



меттік қолдау және олардың өмір сүру сапасын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Талдықорған қаласында 27 мыңға жуық зейнет жасына жеткен қарттарымыз бар болса, оның ішінде 285 жалғызбасты қартқа, үйде арнаулы әлеуметтік қызмет түрі көрсетіледі. Одан бөлек, облыс орталығында 6 мыңға

жуық мүгедектігі бар адамдардың ішінде 1-ші топтағы 815 адам әлеуметтік көмекшінің қызметін алып отыр. Ал, көмелеттік жасқа толмаған ерекше күтімді қажет ететін 1128 балаға әлеуметтік көмектің 8 түрлі қызметі көрсетіледі. Соңғы жылдары қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жүйесінде елеулі өзгерістер болып жатыр. Осы топтағы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік көмек және жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түріндегі қолдаулар, техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтитын көп деңгейлі әлеуметтік қорғау жүйесі жолға қойылып, оңалту орталықтары ашылууда. Әлеуметтік қыз-

меткерлер үй-үйді аралап, көмегіне мұқтаж отбасыларға қолұшын созып, өз міндеттерін мінсіз атқарып жүр. Бүгінгі мереке, шын мәнінде, шыдамдылықты талап ететін, қайсар мінезді, жүректері мейірімге толған мамандық иелерінің кәсіби мерекесі. Өмірдің қиын жағдайларына тап болған адамдарға көмек қолын созған, қоғамның дамуына белсенді араласып, өздерінің елеулі үлестерін қосып жүрген әлеуметтік сала қызметкерлеріне мың алғыс айтамыз! Баршаңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, толайым табыстар мен отбасыларыңызға қуаныш пен бақыт тілеймін», - деді.

Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай бірнеше адам Талдықорған қаласы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын иеленсе, ұзақ жылдар осы салада қызмет етіп, зейнетке шыққалы жүрген Гүлжанат Демезжанова мен Мария Дәулетоваға «Еңбек ардагері» төсбелгісі тапсырылып, қазақы дәстүрмен шапан жабылды. Сонымен қатар, «Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек секторының меңгерушісі, өмірінің 40 жылдан астам уақытын осы салаға арнаған – Гүлзира Айтқазина, Мүгедек және ардагерлердің істері жөніндегі сектор меңгерушісі – Венера Бастаубаева, Мүгедектігі бар балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері – Ажаркүл Ұлдахан «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды. «Қызмет» – мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің Алматы және Жетісу облысы бойынша филиалының төрағасы Жақсылық Қахарман бірнеше қызметкерге Алғыс хат табыстады. Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының атынан да бірқатар қызметкерлер Алғыс хаттармен марапатталды. Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламамен жалғасты.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ӨМІРІ ӨЗГЕНІҢ ТАҒДЫРЫМЕН ӨЗЕКТЕС ЖАН

Таңмен таласа төсегінен тұрып бара жатып Валентина 6 баланың тағдырына алаңдайды. Лузина Валентина Ивановна «Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мүгедектігі бар балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері болып жұмыс атқарады.

Ол Алтай өлкесінің тумасы. Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетін «Педагогика және психология» мамандығы бойынша бітірген. Қоғамның осал тобындағы жандарға бейжай қарамайтын, қызығы мен қиындығы қатар жүретін әлеуметтік салада 18 жылға жуық еңбек етіп келеді. Негізгі міндеті – қызмет алушылардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жәрдемдесу, төсектен тұруға көмектесу, киіндіру, шешіндіру, жуындыру, тамақтандыру, басқа да қажеттіліктерін реттеп беру. Қарамағындағы балалардың нәзік жүректері өте сезімтал келеді. Олардың алдында бір сәтке де босаңсуға, сезімге ерік беруге болмайды. Әйтсе де, Валентина да ет пен сүйектен жаралған адам ғой. Кейде оңаша жерде әр баланың салмағы батпандай қиындықты кішкентай мойнымен мойымай көтергенін көріп көзжасына ерік беріп алады. Бірақ, ерекше балалардың көңілін тауып, олардың әрқайсымен жекелей қарым-қатынас орнатып, талап-тілектерін тыңдап, әңгімелесіп, қоршаған ортаға бейімдей отырып, белсенді болуға ынталандыру – оның басты міндеті. Мүгедектігі бар балалар үшін атана мен туыстарының қолдауы әрқашан маңызды. Сондықтан да тек балалармен ғана емес, олардың ата-анасы, туыстарымен де байланысты жақсартуға бар күш-жігерді жұмсауға тура келеді. Мейірімділік пен шыдамдылықты бойына сіңірген адам ғана өзгенің мұң-мұқтажын жүрегінен өткізіп, жүректерге жол табады. Қызмет



алушылардың арқа сүйер демеушісі бола жүріп, әр отбасының асыға күтер бір мүшесіне айналғанын өзі де сезбей қалды. Өз жұмысына шын ықыласпен кірісетін әлеуметтік қызметкер үшін өзгенің проблемасы деген түсінік жоқ. Қиналған адам көрсе қол ұшын созып, көп саралап жатпай, қолынан келген бар көмегін аямайды. Бұл жерде адамның ұлты, діні, нәсілі, жасы, білім деңгейі немесе қоғамдағы мәртебесі маңызды емес. Валентина Лузина ұжымы ортасында беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, әріптестеріне қашанда көмек беруге даяр тұратын жан. Өткен жылдар ішінде жұмысында еш кемшілік, немесе ата-аналар тарапынан жағымсыз пікірлер, ескертулер болған емес. Еңбегі қала басшылығы тарапынан да жоғары бағаланып келеді. Саладағы жұмысын абыроймен атқарып келе жатқан Валентина Ивановнаға ел алғысына бөлене беріңіз дейміз.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

КІТАПХАНАШЫ – МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ

Кітап пен кітапхананың кіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар.

«Мен кітапхананы ақыл-білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары санаймын», - деп жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев айтқандай, біздің кітапханашылар кітапханаға кірген әрбір оқырманға білім шуағымен қатар, көңіл шуағын да шашып, мейірімді жүздерімен өздеріне бірден баурап алады.

Мамандық таңдау – бұл өте маңызды іс. Сан түрлі мамандықтар бар, бірақ кітапханашы мамандығы бұл өзінің өте қызықты да, тартымдылығымен ерекшеленеді. Осы ретте бүгін біз мақаламызда қасиетті қазынамызды ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашы Дайрабаева Лязат Сұлтанғазықызы туралы айтпақшымыз. Өңіріміздің Сарқан ауданы, Ақтұма ауылында дүниеге келген ол 1975 - 1985 жылдары орта мектепті ойдағыдай бітіреді. Сол жылы Сарқан қаласындағы мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөліміне оқуға түседі.

1987 жылы училищені тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Талдықорған қаласындағы облыстық С.Сейфуллин атындағы кітапханасында оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде бөлім меңгерушісі болып бастады.

2000 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасында, төменгі сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінде еңбек етіп келеді.

2004 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Кітапхана» факультетіне сырттай оқуға түсіп, 2007 жылы «Кітапханашы-библиограф» мамандығы бойынша жоғарғы білімін алып шықты.

Бала күннен кітапқа деген құмарлықпен кітапханашы мамандығына келген Лязат Сұлтанғазықызы кітапханаға кірген әрбір оқырманға білім шуағымен қатар, көңіл шуағын да шашып, балаларды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, оқуға деген



көзқарасын оятып олардың қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына, қажетті тақырыптарын тауып беруге, әдебиеттерді іріктеуге көмек көрсетуде.

Жұмыс барысында қызықты оқиғалар мен қиындықтар әрдайым қатар жүретіні белгілі. Сол сәттерде талғампаз кішкентай оқырмандардың көңілінен шығу да оңай жұмыс емес. Балалардың қызығушылығын оятуға арналған көптеген шаралар ұйымдастырып келеді.

Лязат Дайрабаева 2024 жылдың 15 қазанында С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен өткен «Үздік балаларға арналған жоба» атты байқауға қатысып, ерекше шығармашылық шеберлігі мен жобаны жүзеге асырудағы белсенділігі, балалармен жұмысты ұйымдастырудағы жан – жақтылығы жоғары бағаланып, бас жүлдені жеңіп алды.

Кітапхана саласында еңбек етіп жүрген кітапханашы әріптестерімізге кітапхана жұмысының сан қилы өдістерін меңгеріп, кәсіби шеберліктерін одан әрі шыңдап, білімді де білікті маман ретінде оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын қанағаттандыру бағытында еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз.

Назгуль АЛЬБИЛАНОВА, Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының меңгерушісі

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты 2023 жылғы 26 желтоқсанда құрылған учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған мүшелердің орнына сайлау комиссиясының мүшелерін тағайындау туралы хабарлайды.

Осыған байланысты учаскелік сайлау комиссияларының құрамында өз өкілдері жоқ әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмағанда, қалалық мәслихат сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партияның, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2024 жылдың 24 қазаннан бастап 15 қарашаға дейін учаскелік сайлау комиссияларына жаңа кандидаттар бойынша мәслихатқа келесідей құжаттарды тапсырады:

- 1) Сайлау комиссияларының құрамына белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы кандидатуралар туралы мәліметтер;
- 2) Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы шешімінен үзінді көшірмесі;
- 3) саяси партия органының, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (өкілдіктерінің) тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысан бойынша өтініші;

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер нысандары, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері мәслихаттың сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағына сәйкес көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылған барлық құжаттар электронды және қағаз форматта, қол қойылған, мөрмен расталған болуға және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілген белгілі қамтуға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2024 жылғы 24 қазаннан бастап 15 қарашаға дейін, дүйсенбі-жұма күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін жүзеге асырылады, үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ

Ахажан Темірболат Жанболатұлы – Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы.
Мәслихаттың орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Абай к-сі, 256.
Жауапты қызметкер – Ашимжанова Салтанат Тәңірбергеноқызы, каб. №111, қалааралық телефон коды (87282) 24-09-56, электрондық почта мекенжайы: tald.gor.maslihat@mail.ru.

№ п/п	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің саны (орын)
28 учаскелік сайлау комиссиясы			
1.	№381	Талдықорған қаласы, Ө. Әлімжанов көшесі, 20, «№27 орта мектеп-гимназиясы» КММ (оңтүстік қанаты)	1
2.	№383	Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 180, «№25 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ (оңтүстік қанаты)	1
3.	№392	Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, 226, «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі» МКҚК	1
4.	№393	Талдықорған қаласы, Жетісу ш/а, 15, «Шоқан Уәлиханов атындағы №10 орта мектеп-гимназиясы» КММ	1
5.	№396	Талдықорған қаласы, «Көктем» ш/а, 9 жер телімі, «№28 ІТ мектеп-лицей» КММ (оңтүстік қанаты)	1
6.	№397	Талдықорған қаласы, «Самал» ш/а, 44, «№12 орта мектеп-гимназиясы» КММ (батыс қанаты)	1
7.	№398	Талдықорған қаласы, «Самал» ш/а, 44, «№12 орта мектеп-гимназиясы» КММ (солтүстік қанаты)	1
8.	№400	Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі, 220, «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциалық емес акционерлік қоғам	1
9.	№401	Талдықорған қаласы, Д. Қонаев көшесі, 49, «№14 орта мектеп-гимназиясы» КММ (оңтүстік қанаты)	1
10.	№404	Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» ш/а, 14, «М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ	1
11.	№405	Талдықорған қаласы, Қаблса жырау көшесі, 174, «№13 орта мектеп (арнаулы сыныптармен)» КММ	1
12.	№406	Талдықорған қаласы, Қаблса жырау көшесі, 211/2, «Талдықорған агро-техникалық колледжі» МКҚК	1
13.	№408	Талдықорған қаласы, Қазақстан көшесі, 110, «Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы» КММ	1
14.	№412	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241, «Талдықорған қаласының тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық бөлімі» ММ	1
15.	№415	Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 149, «К. Ушинский атындағы №7 орта мектеп» КММ	3
16.	№416	Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 150, Талдықорған қаласының «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі» КММ	2
17.	№417	Талдықорған қаласы, Кивилев көшесі, 7, «А.С. Макаренко атындағы №6 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ (бастауыш сыныптар блогы)	2
18.	№419	Талдықорған қаласы, «Қаратал» ш/а, 46, «№9 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ (солтүстік қанаты)	2
19.	№421	Талдықорған қаласы, «Шығыс» ш/а, «№15 орта мектеп» КММ (оңтүстік қанаты)	2
20.	№422	Талдықорған қаласы, «Шығыс» ш/а, «№15 орта мектеп» КММ (солтүстік қанаты)	1
21.	№423	Талдықорған қаласы, «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жетісу облысы бойынша мамандандырылған ХҚКБ	1
22.	№430	Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Шевченко көшесі, 16, «Е. Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектеп» КММ (солтүстік қанаты)	3
23.	№435	Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы, Т. Абжалиев көшесі, 34, «Өтенай ауылдық мәдениет үйі» МКҚК	1
24.	№436	Өтенай ауылы, Ө. Тұңғатов көшесі, 18, «№21 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ (батыс қанаты)	1
25.	№438	Талдықорған қаласы, Еңбек ауылы, Ю. Гагарин көшесі, 1, «№22 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ	2
26.	№459	Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 180, «№25 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ (шығыс қанаты)	1
27.	№460	Талдықорған қаласы, Ө. Әлімжанов көшесі, 20, «№27 орта мектеп-гимназиясы» КММ (шығыс қанаты)	1
28.	№461	Талдықорған қаласы, «Бірлік» шағын орталығы, 25, «№29 орта мектеп-лицейі» КММ	1

Талдықорған қалалық мәслихаты

К СВЕДЕНИЮ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ!

В соответствии со статьей 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон «О выборах») Талдықорғанский городской маслихат сообщает о назначении членов участковых избирательных комиссий вместо выбывших из составов участковых избирательных комиссий, образованных 26 декабря 2023 года.

В связи с этим каждая политическая партия, не имеющая своих представителей в составе участковых избирательных комиссий, вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихат избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по новым кандидатам в участковые избирательные комиссии с 24 октября до 15 ноября 2024 года представляют в Талдықорғанский городской маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном форматах;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в электронном и бумажном форматах, должны быть подписаны, заверены печатью и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с 24 октября до 15 ноября 2024 года, с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв – с 13:00 до 14:30 часов.

ТАЛДЫҚОРҒАНСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ

Ахажан Темірболат Жанболатұлы – председатель Талдықорғанского городского маслихата.
Местонахождение маслихата: город Талдықорған, ул. Абая, 256.
Ответственное лицо – Ашимжанова Салтанат Тәңірбергеновна, каб. №111, междугородний телефонный код (87282), 24-09-56, адрес электронной почты: tald.gor.maslihat@mail.ru.

№ п/п	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов (мест) в участковых избирательных комиссиях
участковые избирательные комиссии - 28			
1.	№381	город Талдықорған, улица А. Алимжанова, 20, КГУ «Средняя школа-гимназия №27» (южное крыло),	1
2.	№383	город Талдықорған, улица Кабанбай батыра, 180, КГУ «Средняя школа №25 с дошкольным мини-центром» (южное крыло)	1
3.	№392	город Талдықорған, улица И.Жансугурова, 226, ГККП «Талдықорғанский высший политехнический колледж»	1
4.	№393	город Талдықорған, мкр. «Жетісу», 15, КГУ «Средняя школа-гимназия №10 им. Ч. Валиханова»	1
5.	№396	город Талдықорған, мкр. «Көктем», участок, 9, КГУ «ІТ школа-лицей №28» (южное крыло)	1
6.	№397	город Талдықорған, мкр. «Самал», 44, КГУ «Средняя школа-гимназия №12» (западное крыло)	1
7.	№398	город Талдықорған, мкр. «Самал», 44, КГУ «Средняя школа-гимназия №12» (северное крыло)	1
8.	№400	город Талдықорған, ул. Желтоқсан, 220, некоммерческое акционерное общество «Жетісуский университет им. И. Жансугурова»	1
9.	№401	город Талдықорған, ул. Д. Қонаева, 49, КГУ «Средняя-школа-гимназия №14» (южное крыло)	1
10.	№404	город Талдықорған, мкр. «Мүшелтой», 14, КГУ «Средняя школа-гимназия №19 им. М. Жұмабаева с дошкольным мини центром»	1
11.	№405	город Талдықорған, ул. Каблса жырау, 174, КГУ «Средняя школа №13 (со спецклассами)»	1
12.	№406	город Талдықорған, ул. Каблса жырау, 211/2, ГККП «Талдықорғанский агро-технический колледж»	1
13.	№408	город Талдықорған, ул. Казахстанская, 110, КГУ «Средняя школа-гимназия №1 им. Абая»	1
14.	№412	город Талдықорған, ул. Абая, 241, ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства г. Талдықорған»	1
15.	№415	город Талдықорған, ул. Абылай хана, 149, КГУ «Средняя школа №7 им. К. Ушинского»	3
16.	№416	город Талдықорған, ул. Абылай хана, 150, КГУ «Специализированный лицей «Экономика и бизнес» №24 им. Мухтара Арына города Талдықорған	2
17.	№417	город Талдықорған, ул. Кивилева, 7, КГУ «Средняя школа №6 им. А.С. Макаренко с дошкольным мини центром» (блок начальных классов)	2
18.	№419	город Талдықорған, мкр. «Қаратал», 46, КГУ «Средняя школа №9 с дошкольным мини центром» (северное крыло)	2
19.	№421	город Талдықорған, мкр. «Восточный», КГУ «Средняя школа №15» (южное крыло)	2
20.	№422	город Талдықорған, мкр. «Восточный», КГУ «Средняя школа №15» (северное крыло)	1
21.	№423	город Талдықорған, мкр. «Восточный», Специализированный отдел по обслуживанию населения филиала НАО «Государственное Корпорация «Правительство для граждан» по области Жетісу (Авто ЦОН)	1
22.	№430	город Талдықорған, с. Еркін, мкр. «Коктал», ул. Т. Шевченко, 16, КГУ «Средняя школа №11 им. Есжана Берліқожаұлы» (северное крыло)	3
23.	№435	город Талдықорған, с. Отенай, ул. Абжалиева, 34, ГККП «Дом культуры села Отенай»	1
24.	№436	город Талдықорған, с. Отенай, ул. Тұңғатова, 18, КГУ «Средняя школа №21 с дошкольным мини центром» (западное крыло)	1
25.	№438	город Талдықорған, с. Еңбек, ул. Ю.Гагарина, 1а, КГУ «Средняя школа №22 села Еңбек с дошкольным мини центром»	2
26.	№459	город Талдықорған, улица Кабанбай батыра, 180, КГУ «Средняя школа №25 с дошкольным мини-центром» (восточное крыло)	1
27.	№460	город Талдықорған, улица А.Алимжанова, 20, КГУ «Средняя школа-гимназия №27» (восточное крыло)	1
28.	№461	город Талдықорған, микрорайон «Бирлік», 25, КГУ «Средняя школа-лицей №29»	1

Талдықорғанский городской маслихат

Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының округтік сайлау комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының (бұдан әрі - сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихаты 1 округтік сайлау комиссиясы құрамындағы бос орын туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына аталған саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураны ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардан ұсыныстар түспеген жағдайда мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатындарға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары **2024 жылғы 25 қазаннан бастап 2024 жылғы 23 қарашаға дейін** мәслихатқа келесі құжаттарды ұсынады:

1) сайлау комиссиясының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысандағы электронды және қағаз түрінде мәліметтер;

2) тиісті сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссияларының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына белгіленген нысан бойынша қатысуға келісімі туралы өтініштері.

№ р/п	Сайлау округінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясынан шығып қалған мүшелерінің саны
1.	№1	Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 180, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар №25 орта мектебі» КММ ғимараты.	1

Талдықорған қалалық мәслихаты

СООБЩЕНИЕ

Талдықорған городского городского маслихата области Жетісу о внесении изменения в состав окружной избирательной комиссии

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан

«О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) Талдықорғанский городской маслихат области Жетісу сообщает о вакансии в составе окружной избирательной комиссии.

Маслихат вправе в течение срока полномочий избирательной комиссии вносить изменения в их состав.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуру, не являющейся членом данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихат избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемому, избирательные комиссии с **25 октября 2024 года до 23 ноября 2024 года** представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатуре в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном форматах;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидата в состав соответствующей избирательной комиссии;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) копию документа, удостоверяющего лич-

ность кандидата;

5) заявление кандидата о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата <https://www.gov.kz>.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных округов, предусмотренных Конституционным законом о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с **25 октября 2024 года до 23 ноября 2024 года**, с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерывы – с 13:00 до 14:30 часов. Город Талдықорған, ул. Абая, 256, номер телефона: 24-01-84, адрес электронной почты tald.gor.maslihat@mail.ru.

№ п/п	Номер избирательного округа	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов избирательной комиссии
1.	№1	г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 180, здание КГУ «Средняя школа № 25 с дошкольным мини-центром» ГУ «Отдел образования по городу Талдықорған Управления образования области Жетісу».	1

Талдықорғанский городской маслихат



JETISY
ADALDYQ ALAŃY

ПӘРМЕНДІ ЗАҢДАРДЫҢ БІРІ

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы ең пәрменді заңдардың бірі болып табылады. Бұл заң бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналды.

Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тәуір және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз қызіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Қорыта келгенде, әрбір мемлекеттік қызметкер Заң талаптарын бұлжытпай орындап сақтаса мемлекетіміздің болашағы жарқын және айқын болары сөзсіз.


Ж.МАРАТОВА,

Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің бас маманы

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ

Жетісу облысының полиция департаменті қылмыстық іздегі басқармасы интернет-алаяқтыққа қарсы күрес бойынша халықты ақпараттандыру және оқыту мақсатында денсаулық сақтау мекемелерінде кең көлемді алдын алу жұмыстарын жүргізді. Бұл науқан барысында түрлі интернет-ресурстар мен бұқаралық ақпарат құралдарында интернет-алаяқтықтың алдын алуға арналған 750 бейнеролик жарияланды.



Аталған материалдар интернеттегі қауіпті жағдайлар туралы тұрғындардың хабардарлығын арттыруға және оларды қорғау шараларымен таныстыруға бағытталған. Жұмыстың басты нәтижелерінің бірі – кибербақылау құрылғылары арқылы жыл басынан бері 245 күдікті сайтты бұғаттау болды, бұл интернет алаяқтық әрекеттерінің санын айтарлықтай төмендетті. Полиция интернетті пайдалану барысында сақ болуға шақырады. Ешқашан жеке деректеріңізді үшінші тұлғаларға бермеңіз, тіпті егер олар банк немесе басқа да мекемелердің ресми өкілдері ретінде хабарласа да. Сондай-ақ интернет-банкингтің қауіпсіздік мүмкіндіктерін пайдаланып, онлайн аударымдарды шектеу маңызды. Әсіресе, интернеттегі алаяқтық құрбаны болу қаупі жоғары аға буын өкілдеріне көмек көрсетіп, оларды алаяқтардан қорғау – әр азаматтың міндеті. Өзіңізді және қаржылық активтеріңізді қорғау үшін барлық сақтық шараларын ұстаныңыз!

ДЕНСАУЛЫҚ

АДАМ ПАПИЛОМАСЫ ВИРУСЫ НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

Бейсен Құранбек атындағы журналистер үйіндегі баспа-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Асхат Чарпаев өзімізде жатыр мойны обырына қарсы вакцинация жүргізу барысына тоқталды.

Адам папилломавирусы (АПВ) – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді, яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Мәселен, өңірде жатыр мойны обырымен 500-ден астам әйел тіркеліп отыр. Көптеген адамдарды АПВ алаңдатпайды, бірақ кейбір папилломавирустар сүйелдерге немесе қатерлі ісікке әкелуі мүмкін.

Спикердің айтуынша, жатыр мойны обырының дамуы әйелдің адам папилломавирусын жұқтыруымен байланысты, бұл туралы көптеген ғылыми дәлелдер бар. Елімізде жыл сайын 1900-ден астам жаңа жағдай тіркеледі. Қауіпті аурудың алдын алуда АПВ қарсы екпе алу маңызды. Әлемде 135 ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне арнайы осы вакцинацияны енгізіп отыр. Орталық Азияда көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдері бар.

Жалпы айтқанда, АПВ қарсы алғашқы вакцина 2006 жылы енгізілген. Сол уақыттан бері бұл ем түрі өзінің тиімділігін көрсетті. Бүгінде әлемде АПВ қарсы 2 валентті (16, 18 түрі) және 4 валентті (6, 11, 16, 18), 9 валентті (6, 11, 16, 18, 31, 33, 45, 52, 58) вакциналар бар.

Қазақстан АҚШ-та жасалған 4-валентті «Гардасил» вакцинасымен екпе жүргізеді. Бұл аталмыш вакцинация 2 кезеңде ата-аналардың келісімімен жүргізіледі. 2-ші доза аралығы 6 айдан кейін. Облыс бойынша 12314 доза вакцинаға тапсырыс беріліп, оның 6 мыңы бүгінде облыстық қоймаға түсіп, қажетті мөлшерде аудандарға таратылды. Бұл вакцина мектептерде жасалады. Дегенмен ата-аналардың өтінішімен емханаларда да жасауға болады. Бүгінгі күні АПВ қарсы екпемен 1994 қыз бала қамтылып отыр. Айтар болсақ, облыста медициналық ұйымдарда 200, ал мектептерде 230 егу пункттері және 54 егу бригадасы ұйымдастырылып отыр.

Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес АПВ қарсы екпе 11 жасқа толған, 11 жастан асқан қыз балаларға жасалады. ДДҰ ұсынысымен сәйкес 11-14 жас аралығында алған екпе ересек жастағы вакцинациямен салыстырғанда тиімдірек. Себебі, тұрақты иммунитет қалыптасады екен.

Д. МӘКЕН

#ҚАЗАҚСТАН ТАРИХИ КҮНМЕН ҮНДЕСКЕН РУХАНИ МЕРЕКЕ

Республика күні - бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам. Ғасырлар бойғы ата-бабаларымыздың аңсаған бейбіт күнінің бастауы болған ұлттық мереке құтты болсын!

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты - Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады.

Бүгінде біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы, сондай-ақ оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышпен атап өтеміз. Ал осы айтулы мереке қарсаңында, яғни, 24-қазанда - Кітапханашылар күні де аталып өтеді.

Бүгінде рухани өміріміздің өзегі іспеттес ғылымды көпшілік оқырманға, ертеңгі ел тізгіні ұстар жас жеткіншек ұрпаққа насихаттауда, рухани мәдени байлығымызды ұрпақтан - ұрпаққа жеткізуші кітапхана болса, сол байлықты өз оқырманына таныстырып, табыстырушы өзіндік тұлға, ол - кітапханашы. Кітапханашы

мамандар өздерінің күнделікті тыңғылықты еңбегімен шектеусіз ақпаратқа, әлемдік мәдениет пен ғылым құндылықтарына, адамзаттың даналығы мен біліміне кең қолжетімділікті қамтамасыз етеді, оқырмандарды таңғайып мәдениет әлеміне жетелейді, білімге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеп, мәдени дәстүрлерді сақтауға және дамытуға үлес қосады. Сондықтан да, кітапханашы мамандар әрқашанда киелі орданың мәртебелі иесі болып қала бермек.

Осындай мереке күні барлық кітапханашы мамандарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, кәсіби шеберлік пен парасаттылық, руханият игілігі жолындағы еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз!

Ал, елімізге өркендеу мен амандық тілейміз, халықтың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекеттілігіміздің мәңгілік берік тірегі болсын.

Қайта жаңғырған Республика күні - бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам, - деп ойлаймын.

Құлпан СЕЙІТЖАНОВА,
«Талдықорған қаласы кітапханалар жүйесі»
КММ директоры

#РЕСПУБЛИКАКҮНІ МӘҢГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жас сарбаздарына арналған «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!» атты әдеби кеш өтті. Республика күніне арналған шара басқарманың бас тәлімгері погполковник Берік Қалиахметовтің бастамасымен ұйымдастырылды.

Әдеби-сазды кеште Отан, туған жер, батырлық туралы өлеңдер оқылып, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер айтылды. «Күз-2024» сарбаздары қатарынан өнерлі шекара сақшылары қатардағы жауынгерлер Мадияр Ашир мен Сержан Игенбайлар домбырамен ән айтып, күй тартты.

#RESPUBLICA

МЕМЛЕКЕТІМ - МАҚТАНЫШЫМ!

Тәуелсіздік, еркіндік - ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арманы.

Мен мемлекетіммен неге мақтанамын? Себебі, менің республикам тек саяси жетістіктердің орталығы емес, бойымдағы нәрім, рухани құндылығым, болашағымның жарқындылығы. Бүгінгі күнде жастар елімізде болып жатқан әрбір іске ойланамыз, кейбір істердің шешімі табылып, әлемдік деңгейде көрініп жатса, қуанамыз.

Республикамыз өз алдына егемендігін алып шыққалы бері ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Әлемдегі екі жүзден астам мемлекеттің арасында мейлі спортта болсын, мейлі ғылымда болсын, мейлі білім жарыстарында болсын, көк байрағымыз қанша рет көкке көтерілді.

Мен бүгінде тіліммен де, дініммен де, мәдениетіммен де, әдебиетіммен де, еліммен де, жеріммен де мақтана аламын!

Даналықтың зор иесі болған ата-бабаларымыз батыстағы толқындалған Каспий теңізі мен Жайық, Еділ жағалауынан шығыстағы Алтай тауларына дейін, солтүстікте Орал тауларынан Тянь-Шань

#ҚАЗАҚСТАН

ТУҒАН ЕЛІМНІҢ ПАТРИОТЫМЫН

Қайта жаңғырған Республика күні биыл елімізде екінші рет тойланады. Республика күні - елімізді Тәуелсіздікке бастаған мейрам. Тәуелсіздікті қаншама қазақтың зиялы қауымы армандағаны тарих. Біз өткенімізді ұмытпай, олардың елі үшін әрбір жасаған істерін жас ұрпақтарға айтып, олардың өмірін үлгі тұтуымыз керек.

Бұл бұрынғы ата - бабаларымыздың, сан

тауларына дейін ұланғайыр жерімізді көптеген қияметті қиындықтарды, небір нәубеттер мен қырғи-қабақ соғыстарды бастарынан өткізіп, ұрпақтарымыз ешнәрседен тарылып, басқаға көзін саппасын деп асты-үсті сарқылмайтын қазынамен толтырып, аманаттап қалдырды. Халқымыздың кеңпейілдігіне қарай, бет-бейнесі де, жаны да ажарлы болуын көздеп, сұлу Көкшени, Баянауыл мен Қарқаралыны, жер жаннаты Жетісудай жерлерімізбен мақтанамыз.

Ендігі жерде еліміз дамудың жаңа жолын ұстанып, «Жаңа Қазақстан» атанып, сара жолға түскенде, біз жастар бәсекелес, өзгерістерге дайын болуымыз керек.


«Қашанда халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім ғана», - деген заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің сөзін ту етіп ұстап, бар біліміміз бен күш-қайратымызды еліміздің әрі қарайғы гүлденуіне жұмсап, нұр үстіне нұр болары анық.

Рауля АМАНТАЙ,
Н. Островский атындағы №8 орта мектептің
10-сынып оқушысы

ғасырлар бойы армандап, аңсаған азаттықтың ақ таңы еді. Ендеше азаттықты мәңгі ұстап тұру әрбір қазақстандықтарға парыз деп білемін.

Жаса, жаса, жаса елім зайырлы, кіре түссін әр жыл сайын ажарың!

Аяна ӨТЕУЛІ,
Талдықорған қаласының инновация
колледжінің 3-ші курс студенті.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті



МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Газет 1992 жылдың 2-ші наурызынан шыға бастады

Талдықорған

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.
Талсырыс №1157 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат



Самалбаева Ұлбике Өнербайқызы 2013 жылдан бері «Байтерек» мүгедектер қоғамының төрайымы болып жұмыс жасайды. Сол уақыттан бері 130-дан астам мүгедекті тізімге алып, жыл сайын тегін жол жүру билетімен қамтамасыз етеді.

Қайырымдылық ретінде жылына бір рет Балқаш көліне демалуға апаруға ықпал етеді. Жаңа жыл мерекесіне орай мүмкіндігі шектеулі адамдардың балаларын Президент шыршасына қатыстырып, киім-кешек пен сыйлық алуларына өз үлесін қосып келеді. Биыл «Мансап» орталығының қоғамдық жұмыспен қамту бағдарламасына қатысып, бірнеше адам жұмыспен қамтылды.

Ұлбике Өнербайқызының жасаған жақсылығы мен еңбегі өте зор. Мүгедектер үшін әрдайым жақсылық, қамқорлық жасауға дайын. Олардың құқықтарын қорғауға атсалысады. Республика күніне орай Ұлбике Өнербайқызын шын жүректен құттықтап, деніне саулық, амандық, ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көрсін - деп «Байтерек» МҚБ ұжымының атынан алғыс білдіремін.

Ботакөз Сайланбайқызы

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВҚА - 100 ЖЫЛ БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

Аса көрнекті суреткер, ұлтымыздың ұлағатты ақаламгері, шынайылықтың шыңына шыққан шығармашылық өкілі, балалар әдебиетінің зергері Бердібек Соқпақбаевқа арналған кеш республика күні қарсаңында қаламыздағы Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде ұйымдастырылды.



Балалар мен жасөспірімдерге арнап жиырмадан аса туынды жазған Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» повесі бастапқыда протестік шығарма деп танылған. Сондықтан бұл туынды ұзақ уақыт қолжазба күйіндегі повесть ең алдымен орыс тілінде, артына көптің көлінен шыққан туынды әлемнің 30 тіліне аударылып шықты. Баршаға белгілі, бұл повесть бойынша «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен Балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің халықаралық фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды.

Жазушының 1960 жылы жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» атты тағы бір повесі қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсеткені белгілі. Талдықорған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен қалалық байқауға қала колледждерінің білімгерлері қатысты. Ең алдымен қатысушылар жазушы шығармашылығынан монолог, одан кейін сахналық көрініс бойынша өнерлерін ортаға салды. «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы С.Рысбаеваның айтуынша, шара мақсаты - мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген жастардың ықыласын арттыру, рухани бірлік пен отансүйгіштік сезімге баулу болып табылады.

Байқау қорытындысында 1-ші жүлделі орынға І.Жансүгіров колледжінің студенті Мейрамбек Оспанбай лайық деп табылды. 2-ші жүлделі орынға Қ.Байсейітов атындағы саз колледжінен Айдана Қайырбек пен Талдықорған жоғары медициналық колледжі білімгері Нурикамал Қадырхан, ал 3-ші жүлделі орынға Нұрайым Бекен, Нұрасыл Бекболат, Аяна Өтеулі ие болды.

Ынталандыру жүлдесімен Райымқұл Райымбек, Амина Саду, Тлеуберлі Ералы, Арнай Нұрболатұлы марапатталды.

Данагүл МӘКЕН

СПОРТ

ЖАУЫНГЕРЛІК ШЫҢДАУ

Талдықорған қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Республика күні қарсаңында Талдықорған гарнизоны әскери бөлімдері арасында қоян-қолтық ұрыстан рейтингтік спартакиада жарысы өтті.

Аталмыш сайысқа 99285, 18404, 48386, 21751, 54380 әскери бөлімдерінің командалары қатысып, өзара күш сынасты. Спорттық шараға арнайы келген Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Біз қаламыздағы барлық спорт түрлерін дамытуға көңіл бөліп келеміз. Бүгінгі жарыстың мақсаты - салауатты өмір салтын сақтау және әскери бөлімдердің дене дайындығы мен жауынгерлік өзіндік шындығын және әскери қызметшілердің рухын көтеру. Қоян-қолтық ұрыс еліміздегі барлық күштік құрылымдарда маңызға ие, біздің қаламызда да қолдау тауып отыр. Бұл өз кезегінде әскери қызметшілерді шынықтырып, оларды мықты әрі төзімді ететін спорт түрі» деп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт денсаулығын нығайту мен халық арасында бұқаралық спортты дамыту мәселелеріне баса назар аударатынын атап өтті. Жарыс қорытындысы бойынша командалық есепте І-орынды 18404 әскери бөлімі, ІІ-орынды 48386 әскери бөлімі, ал үшінші орынды 21751 әскери бөлімі иеленді.

Назерке ӨДІЛБЕКОВА

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттық және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.